

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

дом, Юсуф не терял надежды и оставался непоколебимым. Он преодолел множество трудностей, включая лишения и унижения, сохраняя свою честь и достоинство. Даже когда его верность и праведность подвергались сомнению, Юсуф не отступал от своих убеждений и принципов. Касательно Зулейхи он проявляет данные качества когда решает встретиться с Зулейхой и выслушать ее историю:

*«Сказал: «Тогда войти ей разреши.
Пусть нам откроет боль своей души».*

Эти же строчки свидетельствуют о его милосердии и сострадании. В произведении часто описываются сцены, где Юсуф проявляет отзывчивость и эмпатию к окружающим. Например, он помогает своим товарищам по несчастью, разделяя с ними свои последние запасы еды и воды. То есть, даже когда он сам нуждается в помощи, Юсуф ставит других превыше всего, будучи готовым отдать им все, что у него имеется. Его доброта и сострадание делают его уважаемым и любимым как среди своих товарищей, так и среди чужих. К тому же Юсуф обладает глубокой верой в Аллаха и всегда следует его заповедям. Даже в самых трудных моментах он остается преданным своей религии и уверен в том, что Всевышний не оставит его. Так, в интерпритации поэмы от Хусейна Ясауи, когда Юсуф отказывается от несправедливых предложений Зулейхи, он обращается к Аллаху, предпочитая остаться верным своим убеждениям. Еще одним из ключевых аспектов образа Юсуфа является его любовь и преданность к Зулейхе. Несмотря на все препятствия и испытания, с которыми он сталкивается, Юсуф остается верен своим чувствам и непоколебимо предан своей возлюбленной. Его беззаветная любовь к Зулейхе делает его героем, способным преодолевать любые преграды ради своей возлюбленной.

Образ Юсуфа в казахской и татарской интерпритации эпоса "Юсуф и Зулейха" представляет собой пример мужества, добродетели и человечности [4]. Его история вдохновляет и приносит надежду простому читателю, напоминая о важности моральных ценностей и веры в будущее даже в трудные времена. К тому же эпос выступает не только как источник развлечения, но и средство морали и воспитания. Он передает ценности честности, верности и моральной силы, показывая, что даже в самых трудных ситуациях добродетель и правда всегда побеждают. "Юсуф и Зулейха" продолжает оставаться важной частью культурной традиции, продолжая вдохновлять и учить новые поколения ценности любви, веры и справедливости.

Список использованных источников

1. Кыраубаева А. Последние веков. - А.: Школа, 1988. – 85 с.
2. Коныратбаев А. Записи древней культуры. - А., 1991. – 164 с .
3. Кумисбаев О. Глубокие корни. - А., 1994. – 294 с.
4. Иранско-таджикская поэзия. - Астана, 2005.

ӘОЖ 87.987

«ДАНА ХИКАР» АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қамшыбек Ахмет Қанатұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Б.С. Жиембаев

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің бірі «Дана Хикар» – біздің дәуірімізге қолжазба түрінде жеткен шығыстың ең көне жәдігері [1, 226 б.]. Қолжазба еңбектің өткен жолы қиын әрі

құнды болған сайын ол турасындағы филологиялық ғылым да қиын әрі құнды: бүгінде Хикар абыз жайлы әңгіме тілші, әдебиеттанушы ғалымдар назарын өзіне аударуда. Өйткені аталмыш туындының өзіндік ерекшелігі – тақырып пен мазмұнның даралығында.

«Дана Хикар» ескерткіші арамей, грек, араб, армян-қыпшақ, славян, румын және басқа көптеген нұсқаларда сақталған. Бұл жазба ескерткіштің армян тіліндегі үш негізгі нұсқасы бар, солардың ішінде ағылшын ғалымы Ф. Конибер нұсқасы құнды. 1898 жылы Лондонда «The story of Ahikar» деген атаумен жарық көрген шығарма мәтіні осы бағыттағы зерттеулердің ізашары болғаны белгілі. Армян тілінен қыпшақ тіліне тәржімаланған бұл көркем-дидактикалық хикаяның қолжазба нұсқасы Австрияда, мхитаристердің Венадағы кітапханасында сақтаулы тұр. «Дана Хикар» шығармасын 1964 жылы француз ғалымы Жан Дени мен поляк ғалымы Э. Трыярский француз тілінде жариялады. Армян ғалымы А. Ташян Вена қаласындағы кітапханада армян қолжазбаларының каталогін түзген зерттеуінде бұл жазба ескерткіштің атын «Хикардың тарихы мен өсиеті» деп көрсетеді. Сондықтан Ж. Дени мен Э. Трыярский осы атау негізінде «Дана Хикар тарихының» армян-қыпшақ нұсқасы деген атпен ескерткіш мәтінін жарыққа шығарады. Содан бергі кезеңде аталмыш ескерткіштер бойынша осы ғалымдар тұжырымдамасы орта өзек ретінде алынып, түріктанушылық еңбектерде «Дана Хикардың хикаясы» – «История мудрого Хикара», «Сказание о премудром Акире (Хикаре)», «История и поучения Премудрого Хикара» деген атпен аударылып келді [2, 5 б.].

«Наставления и история Ахихара» атты мақаласында Р.Г. Апресян «Дана Хикар» шығармасын оқу кезінде алдынан таныс-бейтаныс ізгілік әлемі ашылғанын жазады. Бұл тұжырымның біз үшін маңызы өте зор, мұның астарында «Дана Хикар» сөзін адамгершілік насихаты деп қабылдаған түйінді пайымдау тұжырымы бар. Сонымен қатар Р.Г. Апресян «Дана Хикар» шығармасын өз кезеңінің қалыпты да қағидалы моральдық санасы деп таниды [3, 96 б.].

«Дана Хикар» немесе «Ақылды Ахикар туралы баян» атты көркем-дидактикалық шығарманың отаны – б.з.д. II-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің орта ағысы тұсында, қазіргі Иран аумағында құрылған Ассирия патшалығы. Оқиға желісі сол кезеңдегі Синаххериб және Асарходдан патшалардың дана әрі ақылгөй кеңесшісі Хикардың өзінің асырап алған баласы Натанға айтқан өсиеті, Натанның әкесіне жасаған опасыздығы, жазықсыз жазаланып, жапа шеккен Хикар дананың қысылтаяң шақта ел патшасы Синаххериб ханға көмекке келіп, өзінің өнегелі сөздерімен көрші хандықпен келіссөз нәтижесінде шапқыншылықты болдырмауы, екі мемлекетті татуластырған дипломатиялық көрегенділігі туралы әңгімелерге құрылған. Аталмыш шығармада өнеге де, өсиет те, аңыз бен әпсанада бар.

Отандық ғалым С. Құдасов 1990 жылы армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар» сөзінің тілі зерттеуін жариялап, қолжазбаны қазіргі қазақ тіліне транскрипциялап, алғаш рет қазақ тіліне аударып, ескерткіш тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық жүйесін талдап көрсетеді. «Дана Хикар» шығармасының армян жазуымен қыпшақ тілінде бізге сәл қысқартылып, тек өсиет-өнегелері жеткен [4, 8 б.]. Онда дүние, өмір, тіршілік, адам қасиеттері, әділдік, жақсылық, жамандық туралы қысқаша сипаттамалар, ой-түйіндер теңеу, эпитет, әсірелеу, мақал-мәтелдер тәрізді көркемдеуіш тәсілдермен бейнеленген. «Дана Хикар» шығармасында, мәселен, мынадай тәлім-тәрбиелік, өсиеттер мольнан кездеседі: «Дүниеде не тәтті? Хикар айтты: Беттің ұяты. Кімнің жүзінің ұяты болса, ол сүйкімді, өйткені барша жаман нәрсе арсыздықтан туады»; «Ұяттан Тәңірден қорыққандай қорық»; «Тіліңді жаман сөзден сақта», «Ұлым, жығылған дұшпаныңды көрсең, оны күліп, масқара етпе, тұрса саған жамандық жасар», «Ұлым, садақа бергенде жарлыны ашындырма, бергенің Тәңріге қабыл болмас» [2].

Жазба мұрада сол кезеңге сай сан алуан құбылыстар мен заттар атауы, халықтың мәдениеті мен наным-сенімінен хабар беретін сөздер көптеп кездеседі. Осы бағытта терең зерттеу жүргізген С.Құдасов ескерткіштің лексикасын құрамы жағынан сөз етпестен бұрын оларды тақырыптық топтарға бөліп қарастырады. Белгілі бір тілдің тарихын зерделеуде лексиканы мағыналық топтарға бөліп зерттеу тиімді болып саналады. Сонымен қатар осыған байланысты халық өмір

кешкен табиғи жағдайларды, халықтың негізгі кәсібін, шаруашылық, үй-тұрмыс ерекшеліктерін, қоғамдық-саяси құрылымын, халықтың көне наным-сенім ерекшеліктерін айқындап-нақтылауды өзіне мақсат етіп қоюға болады [5].

«Дана Хикар» шығармасының лексикалық құрамын тақырыптық топтарға бөліп қарастырғанда, бірқатар аспектілерді айқындауға болады. Соның ішінде, шығарманың өн бойынан кездесетін туыстық атауларды ерекше көрсетуімізге болады. Мәселен, оғлан – «бала», әр оғлан – «әр бала», оғул-хыз – «ұл-қыз», хыз – «қыз», атаның-ананың – «ата-ананың», т.б. сөздер кездеседі. Сонымен қатар дене мүшелеріне қатысты атауларды да ұшырастырамыз: ағыз – «ауыз», баш – «бас», бурун – «мұрын», бармах – «саусақ», хол – «қол», хулах – «құлақ», сахал – «сақал», тен – «тән, дене», сөвак – «сүйек», йүрек – «жүрек», аях – «аяқ», тіл – «тіл», т.с.с. [2, 72-73-бб.]. Келтірілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, шығарма тілінің лексикалық құрамы негізінен орта ғасыр, көне түрк жазба мұраларынан белгілі сөздер болып саналады. Сонымен қатар, ескерткіш тілі қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қыпшақ тілдерінің сөздік қорымен де байланысы бар екені айқын көрініп тұр. Сондай-ақ «Дана Хикар» шығармасында жалпы түркілік сөздермен бірге армян, славян, моңғол, араб-парсы тілдерінің элементтері, яғни сол тілдерден енген сөздер де кездеседі.

Армян-қыпшақ жазба мұраларының тілін зерттеген ағылшын ғалымы Дж.Клосон бұл ескерткіштер тілінің лексикалық құрамын төрт топқа бөліп қарастырады: 1)1200 жыл бұрын қолданыста болған сөздер (Орхон-Енисей және Ұйғыр ескерткіштері) және олар армян жазулы ескерткіштер тілінде ең көп қолданыс тапқан; 2)900 жыл бұрын қолданыста болған сөздер (М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі мен Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастаны). Дж.Клосон М.Қашқаридың еңбегіндегі сөздер, негізінен, оғыз, қыпшақ сөздері деген тұжырым жасайды. 3)Алтын орда дәуіріндегі Хорезм әдеби тіліндегі сөздер («Хұсрау мен Шырын», «Махаббат-наме», «Нәжджул-Фаредис», т. б.). 4)түркі сөздері (Дж.Клосон бұл сөздердің аз кездесетіндігіне тоқталады) [6, 10 б.].

«Дана Хикар» шығармасының қыпшақ тіліндегі нұсқасы армян-қыпшақтарының әдеби тілі форматында жасалған. Негізінен, аталмыш ескерткіштің өн бойынан нақыл сөздер, синонимдер мен фразеологизмдер, қанатты сөздер мен теңеулердің ең соны үлгілері кездеседі.

Көне түркілік, орта түркілік жазба жәдігерлерде және бірқатар аймақта мекендеген ежелгі қыпшақтардың, оғыздардың, қарлұқтардың тілінде парсы тілінен енген *нан* атауының орнына көне түркілік *етмек* сөзі кеңінен қолданылған. Мысалы, «Күндүз у кеча тийілмедім өвратмахтан тойдурдум аны ус у ахыл біле нечк кім еса сувдан да етмактан тойгай» – «Ертелі-кеш үйретуден тыйылмадым, оны ес-ақылға нан мен судан тойғандай тойдырдым» [2, 54 б.]. *Етмек* сөзінің архетип түбірі бір буынды *ет* етістігі «істеу, жасау» мағынасын білдірген, ал -мәк аффиксі етістіктен есім тудыратын өнімсіз жұрнақтардың бірі болған. Сонда, ескі қыпшақ тіліндегі туынды түбір *етмәк* атауы парсы тілінен енген *нан* сөзіне дейін де кеңінен жұмсалған көне түркілердің ежелгі төл атауы екен.

Ескі қыпшақ тіліндегі көптеген фразеологизмдерді қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырғанда, мағыналық жағынан да тұлғалық жағынан да етене сабақтас екеніне көз жеткіземіз. Мысалы, *Оғулм теңриниң буйрухуна дайме хулах хой – Ұлым, Тәңіріңнің бұйрығына дәйім құлақ қой* (Дана Хикар сөзі). Ескі қыпшақ тіліндегі *хулах хой* фразеологизмі қазіргі қазақ тілінде *құлақ сал* тұлғасында жұмсалып, *айтқанды тыңда* мағынасын білдірген.

«Дана Хикар» ескерткішінің негізгі лексикалық қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздер болып келеді. Аталмыш сөздер қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің, оның ішінде қазақ тілінің негізгі сөздік қорының көрінісін дәйектейді. Қорыта айтқанда, «Дана Хикар» ескерткішінің лексикалық ерекшелігі әлі де зерттеуді қажет етеді. Шығарма тілінде кездесетін түрлі тақырыптағы атауларды, сөздердің лексикалық мағыналарын, олардың қолданыс аясын өзге де ескерткіштермен салыстыра отырып зерттеу түркітану ғылымына тың серпіліс берері анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қорабай С. «Дана Хикар хикаясы» жәдігері – армян жазуындағы орта ғасырлық қыпшақ жазба ескерткіші // Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz». – 2019. – №4. – 226-231 бб.
2. Құдасов С. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 118 б.
3. Апресян Р.Г. Наставления и история Ахикара // Сущность и слово. Сборник научных статей к юбилею профессора Н.В.Мотрошиловой. – Москва: Феноменология-Герменевтика, 2009. – С. 96-114.
4. Жиёмбай Б.С. Армян-қыпшақ жазба мұраларының тақырыптық-жанрлық сипатта зерттелуі // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №3(136)/2021. – 39-49 бб.
5. Мусаев К. Лексикология тюркских народов. – М., 1984. – 152 с.
6. Clauson G. Armeno-Qipçyaq // Rocznik Orientalistyczny. – 1971. – Т. 34. – S. 7-14

УДК 92.132

ОТРАЖЕНИЕ ПРОБЛЕМ ВЛАСТИ ТЮРКСКИХ КАГАНОВ В ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Мельник Анастасия Сергеевна

nastya.melnik.0303@mail.ru

Студентка факультета международных отношений

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Н.Г. Шаймердинова

В письменных памятниках и исторических сводках, охватывающих периоды раннего и позднего средневековья, прослеживаются упоминания многочисленных проблем, связанных с передачей и удержанием власти в тюркских государствах, в том числе в результате внешних конфликтов.

Со времен правления фактического основателя тюркского каганата — Мугань-хана (553 – 572 гг.) власть у тюрков передавалась от старшего брата младшему, от дяди – старшему племяннику. Подтверждение этому мы находим в китайских источниках. Так, в переводе Э.Г. Паркера [1, 123] есть фразы «минуя сына его поставили младшего брата», а также «сына Эльтериша по малолетству не допустили к престолу, Капаган сам объявил себя ханом». Здесь хорошо проглядывается система занятия престола старшими родственниками, однако китайцам, привыкшим к линейной передаче власти это казалось узурпированием трона. С одной стороны, закон Мугань-хана способствовал укреплению власти кагана: во главе государства не мог оказаться ребенок, а родственники кагана могли претендовать на наследство и верховный титул, что снижало вероятность предательства. Вместе с тем, передача власти часто сопровождалась военными столкновениями. Ярким примером подобной борьбы является военный переворот 716 года, когда после смерти Капаган кагана на престол временно вошел его сын, Богю каган. По закону, титул кагана должен был наследовать племянник Капаган кагана – Могилян (старший сын Эльтериш кагана), однако Капаган каган, якобы, завещал передать трон своему сыну Богю. Советники каганской ставки в июне 716 г. провозгласили Богю, сына Капаган кагана, Инель-каганом. Но в том же году, Кюль-Тегин свергнул Инель-кагана, вырезав часть знати и советников, после чего каганом стал Могилян, старший брат Кюль-Тегина [2, 245]. Таким образом, система престолонаследия в тюркских каганатах способствовала укреплению верховной власти кагана, и великая тюркская держава вместо тридцати-сорока лет просуществовала двести. Вместе с тем,